

ЖПИС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңестің

Хаттамасы №1

Өткізілген мерзімі: 27.08.2022ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібінде:

- 1 ЖПИС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының 2022 -2023 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны білім беру салалары арқылы іске асыруда өтпелі тақырыптарға перспективалық жоспар құру үлгісін жасау жөніндегі әдістеме
3. Әр топтың 2022 -2023 оқу жылына ариалған жылдық оқу жоспарымен жас ерекшеліктеріне сай ішкі күн тәртібімен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерін бекіту.

Вариативтік оқу қызметтерін талдау,бекіту

Топтардағы ағымдық құжаттарды бекіту

Балабақша меңгерушісі А.Сапарбаева кезкті процесті ашып брді.
Педагогтарды жана оқу жылымен құттықтап, табыстар тіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдады:

1. ЖПИС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының 2022 -2023 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту туралы айтылды.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны білім беру салалары арқылы іске асыруда өтпелі тақырыптарға перспективалық жоспар құру үлгісін жасау әдістемесі талқыланып, жана оқу жылындағы өзгерістер туралы баяндалды.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселесі балабақша топтарнын жас кезеңіне сәйкес оқу әрекет кестесін күн тәртібін бекіту туралы әдіскер Б.Елубаева балабақшадағы төрт топтын жас кезеңіне сәйкес оқу іс-әрекет кестелерін күн тәртібін сәйкестендіріп бекітті. ҚР МЖМБС жана өзгерістер және балалар іс-әрекетін басқарудың әдістемелік құралы тұрғысындағы ұ.о.қ ойын түрде апталық циклограмма туралы әдіскер Б.Елубаева тон тәрбиеніілеріне жоспар апталық циклограмманың апта басында бекітілуін түсіндірді және талап етті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сұрақтар .мен ұсыныстар:

Топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі төрт мәселе бойынша мысалы «Балдырған» тобының тәрбиешісі Сейіт Ботагөз өз жоспарларының жанартылған бағдарлама бойынша құрылғандығын айтып әдіскердің қарап беруін сұрады.

Тәрбиешілер жанартылған білім беру жүйесіне көшу туралы өзара пікір алысты. Кезекшілік кестесін жасауға тағы пікірлермен қамылды. Әдіскер Елубаева Бибигүл 2022-2023 оқу жылында өткізетін ертенгіліктердің үш күндерін бекітіп іс-қағаздарымызға күнделікті өткізетін ұйымдастырылған оқу қызметіне өтс мұқият болуымызды ескертті.

Қабылданған шешім:

1 ЖШС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының 2022 -2023 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.

2. Топтардың жаңа оқу жылына данындығы молайтылсын.

3. Жас ерекшелігіне сәйкес топтардың оқу қызметінің кестесі бекітілсін

4. Балабақшада өтетін ертенгіліктер мен ашық үш кестесі бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы :

Хатшы :



А. Абзалова

А. Наушабекова

ЖІПС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңестің

Хаттамасы №2

Өткізілген мерзімі: 14.09. 2022ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібінде:

1. Треннинг «Жақсы көңіл- күй жан азығы»
2. Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану Іс-тәжірибеден. Ересек топ балаларының танымдық қабілеттерін дамыту жолдары
3. Кешені бақылау қорытындысы. «Денсаулық»саласы бойынша оқу қызметтерінің жүргізілу барысы
4. Корме.Балалардың қол.саусак бұлшық еттерін.жалпақ табандылық.көз.т.б

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. Бірінші кезекте балабақшамыздың психологі Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері атты тренинг өткізді.
2. Екінші бөлімінде « Балалардың сөздік қорын дамытуда. үстел үсті мнемокестелердің тиімділігі» тақырыбында балабақша тәрбиешісі Нұрсейіт Ақбота таныстырып өз баяндамасын оқып берді баяндамада балалардың сөздік қорын дамытуда балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып жаңа сөздерді меңгертеміз. Мнемокесте есте сақтау қабілетін жеңілдіретін және қосымша ассоциациялық құрылым сақтау көлемін кеңейтетін әртүрлі тәсілдердің жүйесі. Мнемокесте бойынша жұмыс жүргізу балалардың ақш-ойына, қабілеттерінің дамуына жетудің бірден-бір жолы.

Мектепке дейінгі балаларға қазақ тілді үйретудің басты шарттары топта жағымды,

мейірімді орта өзін тигізді. Үстел үстіне мнемокестеде басқа кестелерден ерекшелігі бала бұл кестені қолмен ұстап, қозғалтса қореді, жан-жақты таниды.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Ойын-бала білімін меңгерту құралы» тақырыбындағы баяндамада балабақша әдіскері мектепке дейінгі балаларға ойынды тек көңіл көтеруге үшін немесе демалу ретінде пайдаланса одан ешқандай пайда болмайды. Ойын-бала бойындағы көптеген қасиеттерді ұштап білім деңгейін бойға білдіртпей дарытады. Ойындардың қай-қайсысы болса да баладан төзімділікті, тапқырлықты т.б қасиеттерді талап етеді. Тиімді

колданылған ойын гүрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалар зор ынтамен тыңдап берік меңгеруіне көмектеседі. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп тапсырманы ықыластана орындайды. Ойын-баланы жан-жақты дамытып білімді толық игеруіне көмектеседі. Осы баяндамасымен тәрбиешілерді таныстырып өз ойымен бөлісті.

Қорыта келгенде «Армандар», «Жағымды сөздер» атты тренингтер өткізілді.

«Армандар»

Максаты: Топ жұмысына қолайлы жағдай жасау, тренингтің мақсатын принциптерімен таныстыру. Бәрі көздері жұмылы шеңбер отырады. Қатысушылар өздерінің тілегіне құлақ түре отырып келешек кәсібін қоғамдағы орнын айналасындағы дақылдарды көз алдына елестетуге тырысады. 1,5 минут уақыт беріледі. Әр қатысушы өзінің әсерлерімен бөліседі. Тренер айтылғандарды жинақтайды. Топтың әр қатысушының өз арманы мақсаты болатынын айтады.

«Жағымды сөздер»

Максаты: өзін-өзі одан әрі ашу, өзін-өзі тану, өзін және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Жүргізуші жағымды сөздер айта отырып кез-келген біреуге тобы лақтырады. Дөңгелек алған ойыншы шеңбердегі қатысушылардың кез-келгенін таңдайды оған жағымды сөзін айтып дөңгелек лақтырады. Дөңгелек қатысушылардың кез-келгенін таңдайды оған жағымды сөзін айтып дөңгелек лақтырады. Дөңгелек қатысушылардың бәрін де болып шыққанға дейін ойын жалғаса береді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша және тыс мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар: Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тәрбиешілерге ойындардың барлық түрін

картотека дайындауға тапсырма берілді. Ойындарды жүйелік әрі жас ерекшелігіне сай бөліп картотека сын жасау тапсырылды. Балабақша әдістері балабақшамызда мамыр айында өтілетін ашық әдістемелік күннің мақсат-міндеттерін айтып, өткізілу тәртібін түсіндірді. Ашық ұйым жүргізілетін тәрбиешілерге бағыт-бағдар берді. Ашық әдістемелік күн денсаулық саласы, дене шынықтыру оқу іс-әрекетіне болғандықтан жарға ориенталатын және балалардың жас ерекшелігіне байланысты осы калық орындықтар жасап берсе деген ойларын айтты. Кезекшілікті уақытылы жүргізуді және тағы да басқа пікірлер қамтылды. Жалпы топтар бишілері күн тәртібіндегі және одан тыс қажеттілік бойынша қажетті керек-жарақтарын айтып шықты.

Шешім:

1. Ересек топ балаларының танымдық қабілеттерін дамыту жолдары ұнайы үздіксіз жүргізіліп отырсын.
2. Кешені бакылау қорытындысы қанағаттарнарлық деп танылсын
3. Корме.Балалардың қол.саусак бұлшық еттерін.жалпақ табандылыққа жататын балалармен жаттығулар жасалып жұмыстар жүргізілсін

Әр топтар бслгілері жас ерекшеліктсрінс сай ойындар картотекасын жасады.

Балалардың создік қорын дамытуда мнемокестелерін қолдансын.

Педагогикалық кеңсс төрайымы

Хатшы :



А. Абзалова

А. Наушабекова

ЖПИС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңестің

Хаттама №3

Өткізілген мерзімі: 22.12. 2022ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібі:

1. 1-Жарты жылдағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитикалық есеп беру.
2. 1-Жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау Аралық диагностика
3. Ұымдастырылған оқу қызметі «Асық терапиясын » қолдану.
4. Жарты жылдықта ауырған балалардың көрсеткішін талдау.
5. Жарты жылдық жұмысының қорытындысы.

1.Тыңдалды: бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Б. Елубаева бөбекжайдың жарты жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер , семинарлар,жиналыстар ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін. Іс-қағаздарын, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің жоспарын, жүргізген жұмыстарын тапсырды.

2.Тыңдалды: балабақша әдіскері Б.Елубаева сөйледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілдің әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша жүргізілетін мониторинг критерилері мен индикаторларын оқып, түсіндіріп өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесімен таныстырды.

1-ші қосымшамен таныстырды. 2-ші қосымшада бақылау парақтары Excel форматта берілген. Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскері Excel форматта берілген қосымшаға сәйкес (3 Қосымша) мектепке дейінгі ұйымның, содан соң аудандық білім бөлімдері мен облыстық білім басқармасының әдіскерлері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингті жасады.

Топтардың мониторингі нәтижелері негізінде оқу жылына баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың іс-әрекеттердің екі түрін енгізу керектігін айтты.

3.Тыңдалды: Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде «Асық терапиясы » қолдану туралы тәрбиеші Б.Сейіт баяндама оқыды.

Мектепке дейінгі ұйымда балаларды ұмыту, білім беру, тәрбиелеу мақсатында қолданылып келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Соның бірі асық ойыны. Асық-ойыны сол бай салтымыздың бір дәстүрі. Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып , жас кезінен бастап ойнай бастайды. Тіпті сәби дүниеге келмей жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындар болған. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор.

Асық терапиясының мақсаты: асық терапиясында балалардың қимыл-қозғалыстарын реттеу , кеңістікті бағдарлай білу, көрнекі іс-әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөздік логикалық ойлауды сатылай қалыптастырып, сабырлық, бірлескен әрекетті қолдана білуге тәрбиелейді. Сондықтанда біз, ересектер, асық ойындарының жаңа мазмұнда ойындарын, жаттығуларын құрастырып, оларды оқыту және дамыту, ұйымдастырылған іс әрекеттерде қолдана аламыз. Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық-үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен.

Шешім:

1. Өткен кеңестің қаулыларын орындалды.
2. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін қосымшаға сәйкес Excel форматында жасалып, білім бөліміне тапсырылсын. Жауапты әдіскер Б.Елубаева
3. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде , ойындарда «Асық терапиясы » қолданылсын

Педагогикалық кеңес төрайымы :

Хатшы :



А. Абзалова

А. Наушабекова

ЖПИС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңестің

Хаттамасы №4

Өткізілген мерзімі: 12.01. 2023ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібі:

Тақырыбы: Ұйымдастырылған іс-әрекеті барысында балалардың танымдық қабілеттерін арттыру жолдары

1.Талқылау сұрақтары

- Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына ықпал ету мүмкіндіктері ;
- Сенсорлы –дидактикалық ойындарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету ;
- Қоршаған орта мен табиғатты зерттеу мүмкіндігін қарастыру;
- Оқу іс-әрекеті барысында ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары (педагогикалық тәжірибеден)
- 2.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары

Тыңдалды : бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Елубаева үстіміздегі жылы 2022-2023 оқу жылының әдістемелік нұсқаулықтардың өгеруіне байланысты оқыту әдіс –тәсілдері де өгергенін еске сала кетті. «Ойын-бала қиялын шығармашылық ойлауға жетелейтін тәрбие құралы» дегендей, ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болады. Ойын балалар үшін айналадағыны танып, білу тәсілі. Балалар ойындарының тәрбиелік маңызының жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазады: «Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады». Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшеліктері – ол балалардың қоршаған ортаны, адамдардың қимылын, іс-әрекетін олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Бала – ешқашан үнсіз ойнамайды, ол жүреді, сөйлейді, ыңылдайды, секіреді, орын барысында сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Балалардың сөйлеу тілдері дамыған, бір – бірімен еркін қарым – қатынас жасай алатын, өз жас ерекшеліктеріне сай білімді тұлға қалыптастыру үшін,

балаларды жан – жақты дамытуға байланысты жасалған көрнекі – құралдарымен жұмыс жасауды ескертті

Тыңдалды : екінші мәселе бойынша Балаларды заман талабына сай жан – жақты білімді,пал етуші мәдениетті тұлға болуларына ықпал етуші ойындармен ортаңғы топ тәрбиешісі А.Нұрсейіт таныстырып өтті.

Шешім:

1.Ұйымдастырылған іс-әрекеті балаларға қызықты әрі күнделікті жан – жақты жүргізілсін.

2. Тәрбиешілер – ұйымдастырылған іс-әрекеті дидактикалық ойындарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету дидактикалық ойындарды ұйымдастыруды қамтамасыз етілсін

Педагогикалық кеңс төрайымы :

Хатшы :



А. Абзалова

А. Наушабекова

ЖПС «Аққайың» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңестің

Хаттамасы №5

Өткізілген мерзімі: 17.05. 2023 ж

Қатысқандар саны-9

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы .
II-жартыжылдықтағы балалардың тәрбие мен білім құзіреттілігін қалыптастырудың қорытынды мониторинг нәтижесі.
2. Тәрбиешілер портфолиосын реттеу.
- 3 Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Абзалова өткен кеңестің шешімдерін қаншалықты орындалғанын атап айтты. Жіберген қателіктер мен кемшіліктердің орнын толықтыруды ескертті. Сонымен қатар биылғы жылы мониторингтің өзгеше түрде яғни Google Формада келіп бұл бақылау тікелей Ғылым және білім министрлігінің бақылауында жүргізіліп жатақанын естеріне тағы бір рет сала кетті.

Балабақша әдіскері Б.Елубаева балабақшада II-жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім құзіреттілігін қалыптастырудың қорытынды мониторингі Google Формада жүргізіліп, есебі берілді.

«Балдырған» ортаңғы топ , «Қарлығаш» аралас ортаңғы топтарының тәрбиешілері А. Нұрсейіт пен А.Наушабекова балалардың жеке дамуына айрықша тоқталып өтті. «Айгөлек» ересек тобының тәрбиешісі Б.Сейіт мониторинг нәтижесінде баланың деңгейін (I. II.III) көрсеткіші жайлы есеп берді.

2. мәселе бойынша әдіскер: Б.Елубаева тәрбиешілердің биылғы жылы алған жетістіктерін портфолиосына салып реттестірілгенін айтты.

3. мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: А.Абзалова жазғы сауықтыру іс – шараларының жоспары әдістемелік нұсқаулыққа сүйеніп жасалғанына тоқталды . Ортаңғы, ересек топтарының жазғы сауықтыруға арналған перспектива циклограммаларын бекітті.

Шешім:

1. II-жартыжылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзiреттiлiгiн қалыптастырудың қорытынды мониторингiнiң есебi аудандық адами әлеуметтiк бөлiмiне жiберiлсiн.
2. Аттестацияға қажеттi қызметкерлердiң оның iшiнде тәрбиешiлердiң партфолиясы тағы бiр рет көзден өткiзiп реттелсiн.
3. Жазғы сауықтыру iс- шаралары өз уақытында жоспар бойынша жүргiзiлуiн қадағалауды әдiскер Б.Елубаева тапсырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы



А. Абзалова

Хатшы :

А. Наушабекова